

**Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде жоғары оқу орындарының оқу үдерісін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар**

**1-тарау. Жалпы бөлім.**

1. Осы 2020-2021 оқу жылында жоғары оқу орындарының оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Ұсынымдар) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының (бұдан әрі - ЖЖОКБҰ) басшыларына, ЖЖОКБҰ құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына, білім беру бағдарламаларының басшыларына, профессорлық-оқытушылық құрамға (бұдан әрі – ПОҚ) 2020-2021 оқу жылында ЖЖОКБҰ білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыру және академиялық саясатты іске асыру мақсатымен көмекші құрал ретінде әзірленген.

2. COVID-19 белсенділік жағдайында жаңа оқу жылында ЖЖОКБҰ ұйымдастырушы іс-шаралардың келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылуы қамтамасыз етіледі:

1) ЖЖОКБҰ-ның оқу корпусы мен жатақханаларында санитариялық-эпидемиологиялық режимді (бұдан әрі – СЭР) қамтамасыз ету;

2) барлық қызметкерлер мен білім алушыларды СЭР-мен қамтамасыз ету регламентімен таныстыру;

3) білім беру қызметін карантин жағдайын ескере отырып ұйымдастыру;

4) АКТ қолданумен жұмыс дағдыларын үйрену үшін ПОҚ біліктілігін арттыру;

5) жеке білім беру контентін (онлайн курстарды) әр түрлі білім беру платформаларында барлық деңгейлер бойынша әзірлеу;

6) Сапаны қамтамасыз ету саясаты мәнмәтініндегі оқу сапасының мониторингі;

7) академиялық адалдық қағидаларын сақтау,

8) аралық және қорытынды аттестаттау өткізу процедураларының прокторинг жүйесін қамтамасыз ету;

9) университет қызметін техникалық жарақтау, қашықтан және аралас оқыту форматтарының талаптарына сәйкес құжат айналымы мен

қатысымды, оқу үдерісін ұйымдастыру (электронды құжат айналымы, электронды кесте, электронды кітапхана және т.б.)

3. ЖЖОКБҰ өзінің Даму стратегиясын, Академиялық саясатты, сонымен бірге жаңа оқу жылына білім беру үдерісін ұйымдастыру форматын жаңартуы ұсынылады.

4. Әрбір нақты өңірдегі санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып және белгілі әкімшіліктік-аумақтық бірліктің бас санитариялық дәрігерінің шешімдері негізінде ЖЖОКБҰ СЭР-нің әр түрлі деңгейлерін қамтамасыз етеді.

5. Карантин кезінде білім беру үдерісі келесі форматта ұйымдастырылуы мүмкін:

- 1) қашықтықтан оқыту;
- 2) аралас оқыту.

6. Қашықтықтан оқыту - педагог қызметкерлері мен білім алушылардың өзара және оқыту құралдарымен педагогикалық, сонымен бірге ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданып, уақыты мен кеңістігі мақсатқа сай ұйымдастырылған және келісілген өзара әрекет ету процесі.

7. Аралас оқыту – бұл ЖЖОКБҰ-ның білім беру порталында орналасқан арнайы электронды оқу материалдары қолданылатын онлайн оқытумен дәстүрлі күндізгі оқытуды үйлестіру негізінде білім беру үдерісін ұйымдастыру.

8. Осы ұсыныстар мақсаты – карантин жағдайында қашықтықтан немесе аралас оқыту форматында білім беру үдерісін ұйымдастыруға ЖЖОКБҰ-ның және ПОҚ-ның әдістемелік көмек көрсетуі.

9. Осы ұсыныстар келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

1) ЖЖОКБҰ-ның білім беру үдерісін қашықтықтан оқытуды және оның сапасын қамтамасыз ету форматында ұйымдастыру;

2) ЖЖОКБҰ-ның оқу корпусарында, жатақханаларында және аумақтарында санитариялық-эпидемиологиялық режимді қамтамасыз ету;

3) оқыту технологияларын/әдістерін қолдану бойынша ұсыныстар: төңкерілген оқыту, онлайн-курс, аралас (белсенді емес) курс, аралас (интерактивті), интерактивті онлайн курс;

4) кәсіби тәжірибелер мен теоретикалық оқытудың барлық түрлерін біріктіру;

5) ЖЖОКБҰ-ның жеке курстарын онлайн платформаларда әзірлеу;

6) қашықтықтан оқыту форматында аралық және қорытынды аттестаттау кезінде прокторинг жүйесімен қамтамасыз ету;

7) білім алушыларда білім беру бағдарламасының контенті арқылы сандық дағдыларды қалыптастыру;

8) ЖЖОКБҰ-да көпшіліктік ашық онлайн-курстарды қолдану есебінен аралас оқытуды енгізу;

9) ЖЖОКБҰ-мен онлайн-курстарды қолданып желілік білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде өзара әрекеттерді кеңейту.

10. Осы ұсыныстарда келесі терминдер мен анықтаулар қолданылады:

1) қашықтықтан білім беру технологиялары (ҚББТ) – білім алушы мен педагогтың жанама (қашықтықта) немесе толығымен жанама өзара әрекеттер кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолданып жүзеге асырылатын оқыту;

2) төңкерілген оқыту – бұл оқытушы өз бетімен онлайн оқу үшін дәріс материалын беретін оқыту моделі, ал күндізгі оқуда материалды практикалық бекіту өтеді. Білім алушылар видеодәрістерді көру арқылы өз бетімен білім алады және өзін-өзі тексеруге тест тапсырмаларын орындайды. Білім алушылар материалды өз бетімен оқығаннан кейін күндізгі сабақтарда дәрістер мазмұнын талқылайды, үй жағдайында алынған білімдерін тәжірибеде қолданады, оқытушымен кеңеседі;

3) білім беру порталы – ҚББТ бойынша білім беру үдерісін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін әкімшілік-академиялық және оқу-әдістемелік ақпараттан тұратын ақпараттық ресурстар мен Ғаламтор сервистерінің жүйелік-ұйымдастырылған, өзара байланысты жиынтығы;

4) көпшіліктік ашық онлайн курс (бұдан әрі – КАОК) – электронды оқыту технологиясын қолданып және Ғаламтор арқылы ашық қолжетімділікпен көпшіліктік интерактивті қатысумен оқытушы курс;

5) онлайн прокторинг – тұлғаны тексеру және онлайн-емтихандардан өту нәтижелерін растау жүйесі;

6) сандық білім беру ресурстары (бұдан әрі – СББР) – бұл интерактивті нысанда оқытуды қамтамасыз ететін пәндер және (немесе) модульдер бойынша дидактикалық материалдар: фотографиялар, видеоүзінділер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалды нақтылық және интерактивті модельдеу объектілері, дыбыс жазбалары және өзге сандық оқу материалдары;

7) оқытуды басқару жүйесі (LMS) – электронды оқытуды, виртуалды сыныптар мен онлайн-курстарды қоса алғанда, барлық оқу іс-шараларын жоспарлауға, өткізуге және басқаруға арналған жоғары деңгейлі, стратегиялық шешім;

8) синхронды оқыту – тыңдаушылармен және оқытушылар арасында шынайы уақыт режимінде өтетін онлайн-оқытудың әртүрлігі. Тыңдаушылар ақпарат алады, онымен өз бетімен немесе топтарда жұмыс істейді, барлық кезең үшін бірыңғай уақытта кез келген орыннан оны басқа қатысушылармен және оқытушылармен талқылайды;

9) асинхронды оқыту – білімді немесе ептілікті беру үдерісі белгілі бір орынға және уақытқа байланыстырылмаған оқыту форматы;

10) геймификация (игрофикация) – онлайн-оқыту үдерісіне техникасы оқытуды ережелермен, рөлдермен, виртуалды марапаттаулармен, миссиялармен, ойын мақсаттарына қол жеткізу үшін тиянақты таңдау жасау мүмкіндігімен тартымды ойын процесіне айналдыратын ойын маңыздылығын беру.

## **2-тарау. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың**

## халықаралық тәжірибесі

11. COVID-19 пандемиясы жағдайында дүние жүзі бойынша ЖЖОКБҰ-мен қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша шаралар қабылданды.

12. АҚШ-та қашықтықтан оқытудың бірыңғай форматы жоқ, әрбір оқытушы форматты өз бетімен таңдайды. Дәрістің ең кең таралған түрлері: (1) course capture (оқытушы камерамен жабдықталған аудиторияда дәріс оқиды және осыдан кейін дәріс жазбасы жүйеге салынады), (2) Zoom –да бейнелі дәріс (білім алушылар чатта немесе дауыспен сұрақтар қоя алады), (3) білім алушылардың оқытушысыз материалдарды өз бетімен игеруі.

АҚШ университеттері оқу үдерісін ұйымдастыру нысандары мен оқыту түрлерін өз бетімен анықтайды, тиімді әлеуметтік қашықтандыру кестелерін қарастырады және қажеттілік болғанда карантин режимін айқындайды.

АҚШ-тың ЖОО-да оқытуды ұйымдастыру сатылары:

1) 1-саты – қашықтағы әдістер көмегімен толығымен ұсынылатын/жеткізілетін кез келген сыныпқа, оқиғаға, кездесуге немесе жиналысқа жатады. 1-саты – бұл барлық оқыту мақсаттары түрлі қашықтан оқыту әдістерінің көмегімен қол жеткізілетін және бағаланатын курс. Қолданылатын қашықтық әдістері синхронды және/немесе асинхронды болады;

2) 2-саты гибридік модалдылық арқылы – қашықтықта және тікелей жақындықта өткізу дұрыс болатын кез келген сыныпқа, оқиғаға, кездесуге немесе жиналысқа жатады. 2-саты – бұл қашықтықтан оқыту көмегімен барлық оқу мақсаттарына қол жеткізілетін және бағаланатын курс; алайда басымдылық білім алушылар мен оқытушы арасында көзбе-көз өзара әрекет ету арқылы кейбір оқу мақсаттарына қол жеткізуге беріледі. Мысалы, зертханалық курстар; клиникалық тәжірибе;

3) 3-саты - жеткізу көзбе-көз өзара әрекетті талап ететін кез келген кез келген сыныпқа, оқиғаға, кездесуге немесе жиналысқа жатады. Бұл барлық оқу мақсаттары оқу орнында оқытудың түрлі әдістемелерінің көмегімен ғана қол жеткізілетін және бағаланатын курс.

13. Ұлыбританияда шағын топтарда дәстүрлі күндізгі оқыту және пандемиямен туындаған бірқатар себептер бойынша елге келу мүмкіндігінің болмауы кезінде – аралас оқыту ұсынылады.

Кембридж университеті барлық дәрістерді онлайн-форматқа көшіру туралы шешім қабылдады. Сабақтарды күндізгі өткізу әлеуметтік қашықтандыру қағидаларын сақтау кезінде білім алушылардың тек шағын топтары үшін рұқсат беріледі.

14. Канада ЖОО-да оқу жылын шағын курстардан, семинарлардан, зертхана сабақтары мен кампустың оқытудан тұратын аралас оқытумен, ал ірілерін – қашықтық курстарымен және дәрістерімен үйлестіретін аралас оқытумен ұйымдастыру жоспарланған. Бұл үшін оқытушыларды онлайн-оқытуда қолдайтын веб-сайт құрылған. Кампус аумағында зерттеулер өткізу кампус аумағындағы ресурстарға мұқтаж және осы жұмысты қашықтан

орындай алмайтындармен шектелген. Оқытушылар мен қызметкерлердің көпшілігі қашықтықтан жұмыс істейді.

15. Қытайда ЖОО-дары барлық сабақтарды ClassIn, Canvas электронды платформалары және ЖОО веб-сайты арқылы онлайн-форматқа көшірді. Бұл ретте ПОҚ дәрістерді оқудың бірнеше мүмкіндіктері болады: (1) live режиміндегі дәрістер, (2) алдын ала жазылған дәрістер, (3) вебинарлар, (4) көпшіліктік ашық онлайн-курстар (КАОК). Материалдар ЖОО-ның веб-сайтына жүктеледі. Кейбір ЖОО-ы психологиялық онлайн-қолдау, дипломдық жұмысты онлайн-басқару, жұмысқа орналасу бойынша онлайн-кеңес беру және басқа электронды қызметтер көрсетіледі. ПОҚ және білім алушылардың сұрақтар қоятын және көмек сұрайтын, күніне 16 сағат жұмыс істейтін чатқа кіру мүмкіндігі болады.

16. Австралияда университеттер білім алушыларға оқуда көп икемділік беретін алдын ала жазылған дәрістер қолданылады. Білім алушылардың өздері өздеріне қызықты дәрісті таңдап, оқу контентін басқаруға құқылы. Сонымен бірге алдын ала жазылған дәрістер бөліктерге бөлінеді. Білім алушыларға барлық дәрісті тыңдау міндетті емес, оның орнына ол секциялар бойынша навигацияны қолдана алады. Жалпы бұл әдіс білім алушыларға өте қолайлы, себебі олардың Ғаламтор жылдамдығына тәуелділігі азаяды және болашақта материалды қайталауға арналған ресурсы болады.

17. *Малайзия* Жоғары білім министрлігімен онлайн оқуға 31 желтоқсанға дейін толығымен өту туралы шешім қабылданған. Келесі білім алушылар санаты ол тізімге кірмейді: 1) магистранттар/ докторанттар, оларға зертханаларда, шеберханаларда, дизайн-студияларда қатысу қажеттілігімен негізделген зерттеуді жалғастыру қажет және бұған рұқсат бар (мемлекеттік және жеке ЖОО); 2) түлектер, университеттегі оқуын тәмәмдау үшін клиникалық жұмыстарды, тәжірибелік тапсырмаларды, дизайн студияларындағы жұмыстарды өткізу қажет түлектерге кампуста өткізуге рұқсат берілді, сонымен бірге техникалық мүмкіндіктері жоқтарға да көрсетілген жұмыстарды өткізу үшін кампусқа оралуға болады; 3) ерекше қажеттіліктері бар білім алушылар.

18. Қазақстан Республикасының ЖЖОКБҰ академиялық және басқарушылық дербестік шеңберінде жиналған әлемдік оң тәжірибені қолданып және осы Нұсқаулықтарды басшылыққа ала отырып, оқу үдерісінде СЭР сақтай отырып тиімді ұйымдастыру туралы шешімді өз бетімен қабылдай алады.

### **3-тарау. Қашықтық технологияларын қолданып оқытуды нормативтік құқықтық қамтамасыз ету**

19. ЖЖОКБҰ-да қашықтықтан оқыту келесі нормативтік құқықтық құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады:

1) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;

2) «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық

даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы;

3) «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы;

4) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы;

5) «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;

6) «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы;

7) «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы;

8) «COVID-19 коронавирус жұқпалы ауруы пандемиясы кезеңінде қашықтықтан білім беру технологияларына оқу процесінің өтуі кезінде білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша қосымша шаралар туралы» » Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 08 сәуірдегі № 135 бұйрығы;

9) «Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында COVID-19 коронавирус жұқпалы ауруының таралуына жол бермеу бойынша шараларды күшейту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 01 сәуірдегі № 123 бұйрығы (13.04.2020 жылғы толықтырулармен);

10) «Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда COVID-19 коронавирус жұқпалы ауруының таралуына жол бермеу бойынша шараларды күшейту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 14 наурыздағы № 108 бұйрығы;

11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрімен 2020 жылдың 4 мамырындағы №179 бұйрығымен бекітілген COVID-19 коронавирус жұқпалы ауруының пандемиясы кезеңінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар.

#### **4-тарау. 2020-2021 оқу жылында оқыту форматтары**

20. Белгілі аумақтарда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар қатері төнген, төтенше жағдай енгізілген кезде тиісті

мемлекеттік органдармен шектеуші іс-шараларды жүзеге асыру жағдайында білім беру сапасын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының жұмысы әр түрлі форматта ұйымдастырылуы мүмкін.

Базасында дайындық бағыттары бойынша РОӘК ОӘК жұмыс істейтін ЖЖОКБҰ 2020 жылдың 20 тамызына дейін өзінің қызмет бағыттары бойынша әдістемелік ұсыныстарды (*дәрістік және тәжірибелік онлайн-сабақтарды өткізу, СӨБЖ-на тапсырмалар беру форматы бойынша, жеке пәндерге арналған онлайн ресурстар ен виртуалды зертханалар тізімі бойынша, бағалау әдістері бойынша, емтихандар өткізу және тәжірибе ұйымдастыру әдістері бойынша және т.б.*) әзірлеп, барлық ЖЖОКБҰ-на бағыттайды.

21. ЖЖОКБҰ басшысы коронавирус жұқпалы ауруы қаупімен байланысты, оның ішінде білім беру үдерісінде онлайн-курстарды және қашықтықтан білім беру технологиялары мен құралдарды (LMS, электронды пошта, мессенджерлер, вебинарлар жүйелері, чаттар және басқалары) қолдануды қарастыратын білім беру үдерісін ұйымдастыру туралы бұйрық шығарады.

22. ЖЖОКБҰ алқалы орган шешімімен өзінің Академиялық саясатына тиісті өзгертулер мен толықтырулар енгізеді, өзінің ұйымы, басқа ұйымдар базасында қолжетімді онлайн-курстар, КАОК тізімін бекітеді, формалды және формалды емес оқу нәтижелерін тану қағидасын, академиялық кредиттерді қайта сынақ тәртібін анықтайды, тиісті электронды ақпараттық-білім беру ортасын құру бойынша шаралар қабылдайды.

23. Қашықтықтан оқыту форматына өту кезінде:

1) оқытушы нақты пән бойынша қолдағы бар онлайн курсты қолдану туралы немесе қашықтықтан білім беру технологияларын қолданып сабақтар өткізу туралы шешім қабылдайды;

2) онлайн-курстарды қолданумен немесе толық ауыстырумен оқу пәнін оқыту форматын өзгерту кезінде оқытушылармен қандайда бір келісімдер жасау талап етілмейді;

3) кез келген оқу форматы пәндердің бекітілген оқу жұмыс бағдарламасы (силлабус) шеңберінде жүзеге асырылады;

4) ЖЖОКБҰ ЖОО-ның ресми сайтында немесе ақпараттық жүйесінде онлайн-курстарға білім алушылардың тіркелуінің аяқталу күнін көрсетіп онлайн-курстарды өткізу мерзімдері туралы ақпаратты орналастырады.

24. Қашықтықтан оқытудың аралас модельдерін қолдануға рұқсат беріледі: синхронды немесе асинхронды оқыту, онлайн немесе оффлайн, аралас, вебинар немесе оқытушылармен алдын ала жазылған дәрістерге кіру мүмкіндігін беру түріндегі дәрістер сияқты балама форматтар; университетте әрекет ететін кестеге сәйкес семинарлар уақытында тапсырмаларды қашықтан орындау түрінде семинар сабақтарын өткізу және басқалары.

Онлайн режимде дәрістер өткізу 20 минут көлемінде рұқсат етіледі, бұл ретте білім алушыларға дәрістердің толық мәнмәтіні немесе толық презентациясы беріледі. Онлайн режимдегі дәрістер бекітілген кестеге

сәйкес өткізіледі.

25. Білім алушыларға білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін белгілі білім беру платформаларын немесе жетекші университеттерінің онлайн-курстарын таңдау мүмкіндігін беру ұсынылады.

26. ЖЖОКБҰ онлайн-курс тыңдаушысы онлайн аттестаттаудан өтетін тұлғаны тексеру технологиясын қолданады.

27. ЖЖОКБҰ екі негізгі модельді қолдана алады:

- 1) қашықтықтан оқыту форматында сабақтар өткізу;
- 2) жеке онлайн-курстарды немесе жетекші университеттермен әзірленген онлайн-курстарды қолдану.

Бірінші жағдайда университет жеке курстарын қашықтықтан оқыту форматына ауыстырады (LMS, қолжетімді платформаларды қолдана алады) және білім алушыларға қосылу алгоритмін және пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды, сабақтардың өзекті кестесін ұсынады.

Екінші жағдайда – білім алушыларға меңгеруі тиіс онлайн-курсты (курстарды) ұсынады және білім алушыларға платформаға қосылу алгоритмін ұсынады (мысалы, Coursera курстары). Онлайн-курс қашықтықтан оқыту түрінде семинар сабақтарымен және өз бетімен үй жұмысымен қоса беріледі.

Онлайн-курсты меңгеру барысында білім алушы оқитын ЖЖОКБҰ оқытушысы оқу-әдістемелік қолдау көрсетеді, ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау өткізеді.

28. Білім алушының жеке деректерін өңдеуге және онлайн-платформасының пайдаланушы келісімінің талаптарын қабылдауға келісімі ЖЖОКБҰ-ның саясатына сәйкес ресімделеді.

29. Сабақтарды қашықтықтан өткізу мүмкін болмаған жағдайда (мамандандырылған жабдықтармен немесе бағдарламалық қамтамасыз етілетін жұмыстарды талап ететін пәндер үшін) ұсынылады:

1) ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің барлық санитариялық-эпидемиологиялық талаптарын сақтап түрлі ауысымда аз топтармен практикалық пәндерді меңгеруді ұйымдастыру;

2) зертханалық/практикалық жұмыстарын кейінірек мерзімдерге ауыстыруға қатысты оқу сабақтарының кестесіне өзгертулер енгізу. Мысалы, қазан айынан желтоқсан айы бойынша кезеңде СЭР ескере отырып кампус аумағында 2-4(5) курс білім алушылары үшін зертхана сабақтарын ұйымдастыру ұсынылады; бұл ретте сабақтар модуль форматында ұйымдастырылады;

3) Кампус аумағында аудитория сабақтарын өткізуге 65 жастан асқан тұлғаларды және ауруы бойынша диспансерлік есепте тұрған тұлғаларды тарту ұсынылмайды.

30. Оффлайн оқыту моделі пайдалану уақытында желіден сөндірілген бағдарламалық қамтамасыз ету көмегімен оқытудан тұрады немесе басқаша айтқанда, бұл нақты уақыт режимінде емес, кейбір уақыт аралығы арқылы қашықтықтан оқыту процесінде екі немесе одан көп қатысушылардың өзара әрекет.

31. Синхронды (бір уақытта) оқыту моделі оқытушының бекітілген кестесіне сәйкес Skype, Microsoft Teams, CiscoWebEx және басқа платформалар арқылы академиялық топтарға (дүрмектерге) арналған видеоконференцияларын немесе вебинарларды ұйымдастыру арқылы іске асырылады. Білім алушылар осы шараға міндетті түрде қосылады және оған белсенді қатысады.

32. Асинхронды (түрлі уақытта) оқыту моделі білім ұйымдарының LMS, Open edX, Coursera және басқа білім платформаларын; LMS Moodle, электронды корпоративтік пошталарды қолдану арқылы қамтамасыз етіледі. Асинхронды жұмыс түрін қолдану кезінде топ мүшелері мен оқытушы ұзақ уақыт бойы түрлі уақытта жұмыс істейді. Жұмыстың негізгі платформасы - білім ұйымының LMS-i. LMS-тегі пәндердің тиісті тарауларында орналасқан тапсырмаларды уақытылы және айқын орындау керек. Білім алушылар тексеруге арналған орындалған тапсырмаларды тексеруге (Word, Excel файлдары немесе сканкөшірмелер, скриншоттар, суреттер және басқалары түрінде) келудің ағымдағы бақылауын және үлгерімділіктің ағымдағы бақылауын жүзеге асыруға үнемі жүктеуді орындауға міндетті.

Қажеттілік болғанда оқытушы пән бойынша көзбе-көз кеңес беруді ұйымдастыра алады. Оқытушы сонымен бірге Open edX, Coursera платформаларында жалпы қолжетімділікте орналасқан курстарды (курс бөліктерін); аралас оқыту түрін қолданып басқа білім ұйымдарын қолдана алады.

33. Blended Learning (аралас оқыту түрі) – бұл аудиторияда оқыту мен электронды қашықтағы ортада заманауи оқыту технологиясын қатар қолдануға мүмкіндік беретін оқытуды ерекше ұйымдастыру. blended-learning деп аталатын оқыту тұжырымдамасы жалпы оқудың әлеуметтік аспектілерімен электронды оқу түрлерінің тиімділігі мен жеделдігін біріктіреді.

## **5-тарау. Білім беру қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптар**

34. COVID – 19 пандемиясымен негізделген карантин жағдайында, ЖЖОКБҰ-да білім беру қызметін ұйымдастыру санитариялық-эпидемиологиялық режимнің (СЭР) алдын алу және қамтамасыз ету шараларын, оқу үдерісін ұйымдастыруға жалпы талаптарды, қашықтықтан оқытудың толық форматына өту кезінде, аралас оқыту форматына өту кезінде, дәстүрлі күндізгі оқуды сақтау кезінде оқу үдерісін ұйымдастыруға қойылатын талаптарды, онлайн-курстарға, оқытушының дайындық деңгейіне, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға қашықтықтан оқыту технологиясын қолданып оқуға қолжетімділігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды сақтаумен жүзеге асырылады.

35. СЭР алдын алу және қамтамасыз ету шараларын іске асыру мақсатында ЖЖОКБҰ өз бетімен СЭР қамтамасыз ету регламентін әзірлейді, барлық қызметкерлері мен білім алушыларды ақпараттандырады (сайтта

орналастыру, түсіндіру және ұйымдастырушылық кездесулер, инфографика) және білім алушылар мен қызметкерлердің оны сақтауын қамтамасыз етеді.

36. ЖЖОКБҰ оқу корпустарында, жатақханалар мен ЖОО аумақтарында СЭР қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды (байланыссыз термометрлермен, антисептиктері бар санитайзерлермен міндетті түрде жарактау және мүмкіндігінше техникалық қауіпсіздікті сақтап дезинфекциялаушы тоннельдерді орнату).

37. СЭР сақтау мақсатында ЖЖОКБҰ-ның оқу үдерісінде ұсынылады:

1) қоғамдық іс-шараларды өткізбеу және адамдардың жиналу ықтималдығын жою;

2) сабақ кестесін жасау кезінде: аудитория толымдылығын (әлеуметтік қашықтандыру – 1 ш.м.-ге 1 адамнан, зертханаларда 5 ш.м.) ескеру; онлайн сабақтар кестесін жасау кезінде желінің өткізу қабілеттілігін, серверлік жабдықтар сипаттамасын; видеосерверге бір уақытта максималды қосылу кезінде жүктемелерді ескеру; сабақтар кестесі білім алушыларға онлайн форматында қолжетімді болуы тиіс;

3) аудиториялық сабақтар ұзақтығын СӨБЖ сағаттарын бір уақытта ұлғайтып 40 минутқа дейін қысқарту; СЭР ескере отырып зертхана сабақтарының кестесін жоспарлау (әлеуметтік қашықтандыруды қамтамасыз ету, сабақтар арасында жабдықтарды дезинфекциялап өңдеу);

4) түрлі академиялық топтардың үзілісте шоғырланбауын қамтамасыз ету үшін жылжымалы үзіліс кестесін айқындау (Мысалы, бір топтың сабағының басталуы сағат 9.00, екінші топ 9.15). Кестеде аудиторияның санитариялық өңдеуін өткізу, ауаны зарарсыздандыру және желдету үшін оқу сабақтарының арасындағы үзілісті кемінде 20-25 минутқа қарастыру;

5) оқу сабақтары уақытында дәліз бен демалыс орындарының желдетілуін жүзеге асыру;

6) көпшілікпен қолданылатын жабдықтардың беттеріне үнемі дезинфекция жасау;

7) тамақтану орындарында, кітапханалар мен білім алушылардың басқа да келетін орындарында СЭР сақталуын қамтамасыз ету;

8) оқу үдерісінде қолданылатын жұмыс орындарында, зертханаларда мөлдір қалқаншалар орнату қарастырылсын (қажеттілігінше);

9) білім алушылардың спортзалда 1 ш.м.-ге адамнан әлеуметтік қашықтандырылу есебімен табылуын қамтамасыз ету, бұл ретте залдың толымдылығы 40%-дан аспауы керек;

10) жатақханаларда орын бөлуді СЭР ескере отырып жүзеге асыру (қашықтандыру, дезинфекциялаушы құралдармен үнемі өңдеу, және т.б.);

11) ЖЖОКБҰ ғимараттары мен аумақтарын жаңадан тазалау стандарттарын қолдану мүмкіндігін қарастыру (ОҰ, ОТУ жұмыс кестелерін қарастыру және тиімді әлеуметтік қашықтандыру үшін оқыту);

12) денсаулығы мен жасының жағдайы бойынша тәуекел тобына жататын қызметкерлердің денсаулығына байланысты факторларды ескеру;

13) электронды құжат айналысы, электронды кесте, электронды кітапхана жүйесін енгізуді және қолдануды қарастыру.

38. Оқу үдерісін ұйымдастыру келесі жалпы талаптардың сақталуымен жүзеге асырылады:

1) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;

2) Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары;

3) Сапаны қамтамасыз ету бойынша саясат;

4) Академиялық адалдық қағидалары;

5) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша;

6) білім беру ортасын басқарудың LMS бар болуы;

7) қашықтықтан оқыту платформасының бар болуы.

39. Білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта білім алушылардың қажеттілік жағдайында қашықтықтан оқыту форматына өтуінің техникалық дайындығы болуын міндеттейтін тармақты қарастыру ұсынылады.

40. Келесі білім салалары бойынша толық қашықтықтан оқыту форматына көшіру ұсынылады:

- Педагогика ғылымдары («Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлаудан» басқа);

- Гуманитария ғылымдары;

- Тілдер және әдебиет;

- Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат;

- Бизнес, басқару және құқық;

- Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар;

- Қызметтер (көлік қызметтерінен басқа).

Кампуста ішінара оқыту мүмкіндігімен қашықтықтан оқыту форматында (аралас оқыту):

- Педагогика ғылымдары («Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау»);

- Өнер;

- Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика;

- Инженерлік, өңдеуші және құрылыс салалары;

- Ауыл шаруашылығы және биоресурстар;

- Ветеринария;

- Қызметтер (Көлік қызметтері);

- Денсаулық сақтау.

41. Қашықтықтан оқытудың толық форматына өту кезінде оқу үдерісін ұйымдастыру барысында келесілер үшін жағдай жасайды:

1) виртуалды (онлайн) Тіркеуші кеңсесінің, виртуалды Деканаттың, виртуалды Ректораттың жұмыс істеуі;

2) Цифрлық офицерлерді, цифрлық еріктілерді тарту;

3) ҚББ режимінде оқу сабақтарын өткізуді толассыз ұйымдастыру үшін ЖЖОКБҰ-да қажетті IT-инфрақұрылымын құру: тұрақты желілік қосылыстардың, серверлік жабдықтардың, ДСЖ болуы, киберқауіпсіздік жүйесінің жұмыс істеуі;

4) өзара интеграцияланған бір немесе бірнеше платформаларды қолданып оқу үдерісін басқару функционалын толық жабу арқылы ЖЖОКБҰ

LMS және ҚББТ платформасының жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

5) сапалы контенттің (онлайн курстардың, кейстердің және т.б.) болуы және оқу контентінің бақылауын талап ететін электронды кітапхана ресурстарымен қамтамасыз ету;

6) білім алушыларға қажетті оқу контентін толық көлемде ұсыну және бақылау іс-шараларының салмақтық коэффициентін баптау мүмкіндігімен электронды журналының жұмыс істеуі;

7) оқытушылардың АКТ-қүзіреттілігін арттыру, жеке онлайн курстарды, электронды кейстерді әзірлеу ептілігін, білім алушылардың оқу жетістіктерін критерийлік бағалауын қолдану дағдыларын дамыту;

8) оқытушымен силлабуста ұсынылған түрлі типтегі оқытушы сервистер мен платформаларды қолданумен теоретикалық оқытуды ұйымдастыру (онлайн курстар, асинхронды байланыстар, білім алушыларға қолайлы уақыт, не кесте бойынша онлайн сабақтарды ұйымдастыру);

9) зертханалық, практикалық сабақтар кесте бойынша не кез келген уақытта меңгеру мүмкіндігімен қашықтық форматында өткізіледі. Зертханалық жабдықтардың болуы қажет білім беру бағдарламалары үшін симуляторларды, виртуалды зертханаларды, толықтырылған және виртуалды шынайылық бағдарламаларын, кейстерді қолдану ұсынылады;

10) сабақтардың кемінде 30%-ын асинхронды форматта өткізу ұсынылады;

11) даярлау бағытына және өту орнына байланысты дәстүрлі, қашықтықтан, аралас және т.б. сияқты түрлі форматта кәсіби тәжірибені іске асыру.

12) 1-курс студенттері үшін қыркүйекте күндізгі / қашықтықтан оқыту форматында бағдарлы кезеңнің 2 – 4 аптасын өткізу ұсынылады:

- ЖЖОКБҰ академиялық саясатына ЖЖОКБҰ-да оқыту және бағалау саясатына бейімдеу және таныстыру;

- ЖЖОКБҰ жүйесіне логин мен пароль алу, тіркелу;

- білім беру қызметтерін алу шартын жасау;

- эдвайзермен танысу;

- ЖОБ тіркеу/ жазулар және қалыптастыру;

- СЭР қамтамасыз ету регламентін орындау бойынша нұсқау.

Сонымен бірге келесі жұмыстар бойынша оқыту үшін:

- электронды кітапханамен;

- LMS-те және ҚББТ платформаларында;

- нақты уақытта видеобайланысты қолдайтын платформаларда (Microsoft Teams, BigBlueButton, Skype, GoogleMeet, HangoutsMeet, Lark, Skype, CiscoWebEx, JitsiMeet және басқалары);

- аралық және қорытынды аттестаттау өткізу процедурасының прокторинг жүйесінде (ProctorEdu, Examus, ProctorExam, ProctorU, Hesperus, ЖЖОКБҰ-мен әзірленген прокторинг жүйесі және басқалары);

- ЖОО жастар ұйымының жұмысымен танысу және осы ұйымдарға кіру;

Басқа қалалық білім алушылардың күндізгі форматта өткізу кезінде

келу мүмкін болмаған жағдайда олар үшін осы сабақтарды қашықтықтан өткізу ұсынылады.

13) 1-курс магистранттары мен докторанттары үшін оқыту жүйесіне бейімделу және танысу (9-тармақшаны қараңыз), сонымен бірге ғылыми зерттеу траекториясын анықтау, ғылыми жетекшіні таңдау және онымен танысу, жеке жұмыс жоспарын толтыру үшін қыркүйек айында 1 – 2 апта күндізгі сабақтарды өткізу ұсынылады.

Басқа қалалық білім алушылардың күндізгі форматта өткізу кезінде келу мүмкін болмаған жағдайда олар үшін осы сабақтарды қашықтықтан өткізу ұсынылады.

14) магистранттар мен докторанттардың машықтануын басқа академиялық кезеңге ауыстыру не қашықтық форматында ұйымдастыру;

15) магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысын қашықтықтан немесе СЭР ескере отырып зертханаларда ұйымдастыру;

16) денсаулық сақтау саласында білім алушыларды практикалық даярлау ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.02.2020 жылғы толықтырулармен және өзгертулермен «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша МЖМБС бекіту туралы № 647 бұйрығына сәйкес денсаулық сақтау саласында уәкілетті органмен реттеледі.

17) Университеттің қашықтықтан оқыту форматына дайындығы курстарға, білім алушыларды тексеруге және прокторингке, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасына, телекоммуникация желілеріне, техникалық жарақтауға, университеттің LMS-не, «ЖЖОКБҰ-ның қашықтықтан оқыту форматына дайындығы» чек-парағына қойылатын талаптар критерийлеріне сәйкес анықталады.

42. Аралас формат деп аталатын қашықтықтан оқытудың ішінара форматы кезінде оқу үдерісін ұйымдастыру барысында 41-тармақтың 1-10 тармақшасының орындалуы үшін жағдайлар жасалады.

ЖЖОКБҰ онлайн және оффлайн сабақтары үлесінің арақатынасын курстардың мазмұны мен ерекшеліміне байланысты өзі таңдайды.

Академиялық дербестік шеңберінде ЖЖОКБҰ-да аралас оқыту форматын іске асыру кезінде оқу пәндерін 30% аспайтын дәстүрлі форматта оқытуды ұйымдастыруға рұқсат беріледі. Дәстүрлі форматта модуль форматындағы зертхана/студиялық сабақтар өткізіледі.

Білім салалары бойынша оқытуды ұйымдастыру кезінде: Өнер; Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика; Инженерлік, өндіруші және құрылыс салалары; Ауыл шаруашылығы және биоресурстар; Ветеринария; Қызметтер (Көлік қызметтері); Денсаулық сақтау зертхана сабақтарын университет кампустарында өткізуді жоспарлайды.

ЖЖОКБҰ-на сонымен бірге «ішкі академиялық мобильділік терезесін» жоспарлауға рұқсат беріледі, яғни басқа ЖЖОКБҰ-да білім алушыларға онлайн-режимде жеке оқу пәндерін немесе зертхана сабақтарын оқуды ұйымдастыруға рұқсат беріледі.

43. Қашықтықтан оқыту форматына толық немесе ішінара өту жағдайында ЖЖОКБҰ оқытушылары АКТ-құзыреттіліктерін, педагогикалық

технологияларды және цифрлық білім берудегі жұмыстардың әдістемелік құралдарын білуі тиіс.

44. ЖЖОКБҰ біліктілік талаптарын белгілейді, ПОҚ аталмыш талаптарға сәйкестігіне үнемі бақылау өткізеді және ПОҚ АКТ-құзыреттіліктері саласында даярлауды және біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді:

1) педагогикалық даярлау: электронды білім беретін контентті/ресурстарды әзірлеуге және жасауға қойылатын талаптарды білу;

2) әдістемелік даярлау; инновациялық әдістемелерді және білім беру технологияларын (жобалық оқыту, оқытуды геймификациялау, төңкерілген оқыту, аралас оқыту және басқалары) меңгеру; жеке онлайн курстарын әзірлеудің әдістемелік амалдарын меңгеру; зерттеушілік құзыреттер (өз қызметін зерттеу, оны талдау және жетілдіру қабілеті); СӨБЖ тиімді ұйымдастыру, ОБЖ-ға ынталандыру дағдыларын меңгеру;

3) ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу дағдылары: АКТ-құзыреттерінің болуы; жеке онлайн курстарды әзірлей білу; симуляторларды, виртуалды зертханаларды, оқытылатын пәндер бейіні бойынша VR-жүйелерін қолдана білу; нақты уақытта видеобайланысты қолдайтын платформаларды (BigBlueButton және басқаларын) қолдана білу; білім беру ортасын басқару жүйелерін (Learning Environment) білу, мысалы, BlackBoard, Docebo Learn и Google Classroom.

ЖЖОКБҰ-да 2020 жылдың 20-нан 28-тамыз аралығында ПОҚ және персоналдың біліктіліктерін арттыру курстарын өткізу ұсынылады.

45. ЖЖОКБҰ ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін қашықтықтан оқыту технологияларын қолданумен оқыту қолжетімділігін келесі жолдармен қамтамасыз етеді:

1) оқытудың жеке білім беру траекториялары мен оқу жоспарларын қолдану;

2) видеоматериалдар контентіне субтитрларды, сурдоаудармаларды енгізу және өзге де инклюзия құралдарын қолдану;

3) арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді құру немесе енгізу;

4) бейімделген цифрлық ресурстарды іріктеу немесе әзірлеу;

5) сараланымдық оқу тапсырмаларын қолдану.

## **6-тарау. Білім беру платформалары мен электронды ресурстарды қолдану**

46. ЖЖОКБҰ-на пайдаланушылар арасында кең таралған және қашықтықтан оқытуды қолдайтын мультитілдік интерфейсі болатын оқыту үдерісін қолдауға бағытталған білім беру платформаларын және электронды ресурстарды қолдану ұсынылады.

47. LMS түрлі форматтағы электронды оқу материалын орналастыруға, оқу материалына қолжетімділікті ұйымдастыруға және беруге, материалдарды меңгеру және тапсырмаларды орындау барысын бақылауды жүзеге асыруға, желілік байланыс құралдарымен оқу үдерісінің

катысушыларының өзара әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Оқу контентіне қойылатын талаптарды (контент сапасын бағалау критерийлері, еңбек шығындарын анықтау критерийлері, құрылымға және ресімдеуге қойылатын талаптар) ресми бекіту және ЖЖОКБҰ-ның сайтында немесе ақпараттық жүйеде жариялау ұсынылады.

48. ЖЖОКБҰ білім алушыларға дәріс материалдарынан, семинар/практикалық және / немесе зертхана тапсырмаларынан, өз бетімен жұмыс тапсырмаларынан тұратын оқу материалдарына еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы оқу материалдарын LMS-ке орналастырады.

LMS-ке қосымша электронды оқу басылымдары, презентациялар, видеодәрістер, видеороликтер, аудиожазбалар, анимациялар, суреттер, сызбалар, нобайлар, фотографиялар, электронды ресурстарға сілтемелер орналасуы мүмкін.

49. КАОК платформасы білім алушылар мен оқытушылар арасында өзара әрекетті, сонымен бірге жедел тесттер мен тапсырмалар түрінде тікелей кері байланысты қолдайтын әлемеуметтік желілердегі пікірталастармен немесе пайдалану форумдарымен интерактивті материалдарды ұсынады.

50. ЖЖОКБҰ-на ресурстарды қашықтағы курстарды және КАОК әзірлеу, электронды ресурстарды ұйымдастыру үшін ЖОО аралық келісімдерді, сонымен бірге КАОК платформасымен пайдаланушылық келісімін жасау кезінде бірлесіп қолдану ұсынылады. ЖЖОКБҰ КАОК платформаларын оқу үдерісінде бірнеше тәсілдермен қолдана алады:

1) КАОК материалдарының оқытылатын оқу пәнінің силлабусына ішінара сәйкестігі жағдайында, КАОК материалдарын оқытушының басшылығымен оқу үдерісінде қолдануға болады;

2) КАОК материалдары мазмұнының оқытылатын пәндер силлабусына толық сәйкестігі жағдайында, білім алушылардың КАОК платформасының курсына сәтті өтуі туралы сертификат негізінде академиялық кредиттердің қайта сынағы ықтимал;

3) КАОК оқыту нәтижелерінің ЖЖОКБҰ-ның пәндерін оқыту нәтижелеріне сәйкестігі жағдайында, білім алушылардың КАОК платформасының курсына сәтті өтуі туралы сертификат негізінде академиялық кредиттердің қайта сынағы ықтимал;

4) КАОК оқыту нәтижелерінің білім беру бағдарламаларын оқыту нәтижелеріне сәйкестігі жағдайында, білім алушылардың КАОК платформасының курсына сәтті өтуі туралы сертификат негізінде академиялық кредиттердің қайта сынағы ықтимал.

51. ЖЖОКБҰ шынайы уақытта видеобайланысты қолдайтын бірлескен жұмыс платформаларын синхронды режимде онлайн сабақтар өткізу үшін қолданады. ЖЖОКБҰ оқу сабақтары басталғанға дейін оқытушылар мен білім алушылар үшін платформаны қолдану бойынша оқу ұйымдастырады.

Шынайы уақытта видеобайланысты қолдайтын платформаларға Microsoft Teams, Skype, Google Meet, Hangouts Meet, Lark, Skype, Cisco WebEx, Jitsi Meet және басқалары жатады.

52. ЖЖОКБҰ-на түрлі интерактивті контенті құру мақсатымен интерактивті суреттерді, видео және мультимедиа ресурстарын жасау, контентті, видеодәрістерді визуалдау, білім алушылардың білімін интерактивті бағалау бойынша құралдарды қолдану ұсынылады.

Цифрлық контентті жасау бойынша оқытушыларға арналған құралдар: [Thinglink](#), [Bunce](#), [EdPuzzle](#), [Kaltura](#), [Nearpod](#) [PearDeck](#), [Squigl](#), [Trello](#), [Canva](#), [WeTransfer](#), [Edmodo](#), [ClassDojo](#), [Kahoot!](#), [Teach Learn Lead](#).

53. Прокторинг – бұл емтихан тапсыратын тұлғаны тексеру мақсатымен онлайн емтиханды (аттестаттауды) қадағалау және бақылау процедурасы.

ЖЖОКБҰ емтиханды физикалық проктор көмегімен, прокторинг жүйесі арқылы автоматты түрде және физикалық проктор көмегімен асинхронды не прокторинг жүйесі арқылы жүзеге асыра алады.

Прокторинг жүйелеріне ProctorEdu, Examus, ProctorExam, ProctorU жатады.

Сонымен бірге, ЖЖОКБҰ –ның прокторинг жүйесінің авторлық әзірленімін қолдануға болады.

## **7-тарау. Сапаны қамтамасыз ету және бағалау жүйесі**

54. Бағалау тәсілдемелері пәндер мазмұнына және қолданылатын технологияларына байланысты бағаланады.

55. ҚОТ немесе аралас оқыту кезінде ЖЖОКБҰ-да бағалау жүйесін дайындау мақсатында академиялық саясатқа өзгерістер енгізу және бағалаудың алуан түрлері мен нысандарын қарастыру талап етіледі.

56. Қашықтықтан оқыту кезінде шолу талқылаулары, негізгі мәселелер бойынша пікірталастар өткізілетін, тренингтік сабақтар, мастер-класстар және т.б. ұйымдастырылатын дәрістік, семинар және зертхана сабақтарын өткізу әдістемесі өзгереді.

57. Бағалау әдістері бағалау талаптарын қанағаттандыруға бағытталған білім алушылардың «үлгерімділігін» емес, белсенді қатысуды және шынайы ынтымақтастықты ынталандыруы тиіс.

58. Бағалаудың тағы бір түрі – білім алушының өзін-өзі бағалауы, әрбір білім алушы өзінің жетістіктерін немесе үлгерімділігін бағалайтын процесті сипаттайды. Бұл «Менің қолымнан келеді» тұжырымдамаларының, білім алушылармен келісімшарттарының, ойларының, портфолиоға шолуы мен өзіне жазбаларының түрін қабылдайды. Зерттеулер білім алушылармен бірге өзін-өзі бағалауды қолдану білім алушыларда өзіндік қажеттілік пен ынталандырудың ішкі деңгейлеріне оң әсер ететінін көрсетті.

59. Қорытынды бақылауда (емтиханда) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрімен 2020 жылдың 4 мамырындағы №179 бұйрығымен бекітілген COVID-19 коронавирусы жұқпалы ауруының пандемиясы кезеңінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік

ұсыныстарында сипатталған тәсілдемелерді қолдану ұсынылады.

60. Білім беру үдерісінің тиімділігін бақылау және талдау үшін білім алушылар мен оқытушының сандық ізін талдау сияқты құралын қолдану ұсынылады.

61. ЖЖОКБҰ өзінің ресми сайттарында білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының бекітілген жұмыс регламенті мен және күнтізбелік жоспарлауын, сонымен бірге жастарды тәрбиелеудің тақырыптық бағыттары бойынша түрлі белсенді интернет-сілтемелерді орналастырып тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру бойынша веб-парақшалар жасайды. ЖОО-ның жастар ұйымдары ЖОО сайтында ұйымның қызметі туралы толық ақпаратты (ұйым бағдарламасы, байланыс ақпараты және т.б.) орналастыруы тиіс.

ЖЖОКБҰ тәрбие үдерісін анықтайтын жергілікті нормативтік актілерге («Тәлімгерлік жұмыс туралы ереже», «ЖІК туралы ереже», «Студенттік өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру») 2020-2021 оқу жылына қашықтықтағы жұмыс жағдайларын ескере отырып өзгертулер енгізеді.

62. Білім беру үдерісінің қатысушылары арасындағы кері байланыс телефонмен кеңес беру, мессенджерлер, дауыс хабарламалары, әлеуметтік желілер, мобильді қосымшалар, Call-орталығының жұмыстары және т.б арқылы қамтамасыз етіледі. ЖЖОКБҰ білім алушылардың, топ тәлімгерлерінің әкімшілікпен кездесу, мүдделер бойынша жетекшілік сағаттарды, ЖІК отырыстарын, студенттік клубтардың отырыстарын өткізу регламентін ZOOM немесе басқа платформалар арқылы әзірлейді және жариялайды.

63. ЖЖОКБҰ бірінші жыл оқитын білім алушылармен жұмыстарды ұйымдастыру кезінде осы әдістемелік ұсыныстардың 41-тармағының 12) және 13) тармақшасында сипатталған ұсыныстарды қарастырады және білім алушылар – бірінші курс студенттері арасында ҚББТ жағдайында білім беру үдерісін ұйымдастыру бойынша сауалнама не сұрақ алуды тұрақты негізде өткізеді.

64. ЖЖОКБҰ-ның тәрбие жұмыстары бойынша жоспарларға байқаулар, олимпиадалар, тренингтер мен өзге іс-шаралар өткізу кіреді.

Кездесулер, семинарлар, вебинарлар тақырыбына «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасын, ҚР 2025 жылға дейінгі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты, ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларын және басқа бағдарламалық құжаттарды іске асыру шеңберінде Қазақстан жастарын тәрбиелеудің негізгі бағыттарын енгізу ұсынылады.

65. Қашықтықтан оқыту кезеңінде тәрбиелеу жұмысының негізгі бағыттары: *азаматтық-патриоттық тәрбиелеу; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және академиялық адалдық қағидаларын сақтау; экологиялық тәрбиелеу; рухани-адамгершілік тәрбиелеу; салауатты өмір салтын насихаттау; терроризмге қарсы ағарту; құқықтық тәрбиелеу және діни экстремизмнен сақтандыру; студенттік өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру; еріктілер қозғалысын дамыту және т.б.*

келесі түрлерді қолданып ұйымдастырылуы тиіс:

- онлайн-зияткерлік-құқықтық ойындар;
- онлайн-кездесулер, онлайн-вебинарлар;
- алуан түрлі дәстүрлі шығармашылық байқаулар;
- онлайн-акциялар, қашықтықтағы олимпиадалар;
- онлайн-фотокөрмелер;
- жұмысқа орналастыруға арналған онлайн-жәрмеңкелер;
- алуан түрлі әлеуметтік роликтердің онлайн-трансляциясы;
- еріктілердің қашықтықтағы мектептері және басқалары.

66. ЖЖОКБҰ тәрбие жұмысы бойынша бөлімдерді үйлестіру кезінде білім алушылар мен ПОҚ психологиялық қолдау қызметтерін құрады.

## **8-тарау. Оқу үдерісінің қатысушылары**

66. Білім беру үдерісінің негізгі қатысушылары: ЖЖОКБҰ-ның басшысы (ректоры), ЖЖОКБҰ басшысының орынбасары (проректор), оқытушы, білім алушылар, білім алушылардың ата-аналары (заңды өкілдері).

67. Білім беру үдерісінің әрбір қатысушысы өз рөлі мен функцияларын орындайды. Көлеммен анықталатын оның өкілдіктері мен құзыреттері:

1) ЖЖОКБҰ-ның басшысы (ректоры): қашықтықтан білім беру технологияларын қолданып оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша тиісті ішкі нормативтік актілерді қабылдайды; келесі қызметкерлер тобын анықтау бойынша жұмыс берушінің тиісті нормативтік актілерін қабылдайды: жалақыны сақтап қашықтықтан режимде қашықтықтан оқыту технологиялары негізінде білім беру үдерісін қамтамасыз ету бойынша еңбек функцияларын жүзеге асыратын қызметкерлер; ЖЖОКБҰ-ның тіршілік әрекетін және жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қызметкерлер (әкімшілік, техникалық персонал); жұмыс сапасын арттыруға бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдайды; оқытушылармен, білім алушылармен және олардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) қажеттілігі бойынша кері байланысты жүзеге асырады; жеке қорғаныш құралдарын пайдалану бойынша талаптардың қатаң сақталуын қамтамасыз етеді; білім алушылардың, оқытушылар мен басқа қызметкерлердің санитариялық-эпидемиологиялық әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды; есеп құжаттамасында қарастырылмағандарды сұратуға жол берілмейді;

2) ЖЖОКБҰ басшысының орынбасары (проректор): қашықтықтан білім беру технологияларын қолданып оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша жұмысты үйлестіреді және ұйымдастырады; оқу материалдарын, оның ішінде электронды оқу-әдістемелік кешендерін, электронды білім беру ресурстарын құрастыру бойынша жұмыстарды ұйымдастырады; ЖЖОКБҰ-ның интернет-ресурстарында (сайтында) орналасатын академиялық күнтізбелерді және сабақ кестелерін жасау бойынша жұмыстарды ұйымдастырады; оқытушылармен бірлесіп оқыту әдістері мен технологияларын, білім алушыларға тапсырмаларды алу және олардың

орындалған жұмыстарын ұсыну мерзімдерін, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлерін анықтайды; білім алушылардың білім беру қызметінің ұйымдастырылуын анықтайды: білім беру үдерісінің барлық қатысушыларын (оқытушылар мен білім алушыларды) оқу жұмыстарын ұйымдастыру және оқу нәтижелері туралы ақпараттандырады; ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданып білім беру үдерісін ұйымдастыру барысында әдістемелік қолдауды жүзеге асырады; бекітілген кестеге сәйкес оқытушының қызметін және олармен кері байланысты ұйымдастырады; оқытушылармен кері байланыс арқылы білім беру үдерісін өткізу барысын бақылайды; педагогтардың оқу жүктемесін орындау бойынша жұмысын үйлестіреді;

3) ЖЖОКБҰ-ның оқытушысы: бағалаудың айқын саясатымен оқу пәнінің силлабусын әзірлейді. Силлабус педагог пен білім алушылар арасындағы келісім болып табылады, осыған орай ЖЖОКБҰ-да силлабусты бекіту және оған өзгерістер енгізу процесі регламенттейді; электронды оқу материалдарын, электронды курстарды әзірлейді; білім алушылардың назарына оқу сабақтарының форматы туралы ақпаратты жеткізеді; электронды ресурстарда білім алушылардың алуан түрлі жұмыстарын, қолжетімді ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолданып білім алушылар арасында интерактивті өзара әрекетті қамтамасыз етеді; сабақтар кестесіне сәйкес оффлайн және онлайн-сабақтар, білім алушылардың өз бетімен жұмыстарына бақылау өткізеді; білім алушылар үшін, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін жеке кеңес берулер өткізеді; белгілі бағалау саясатына сәйкес бекітілген силлабус мерзімінде білім алушылардың бағасын қояды; тапсырмалардың орындалуын бақылайды;

4) білім алушылар: бекітілген сабақ кестелері бойынша оқытушылармен байланыста табылады; ЖЖОКБҰ-ның академиялық саясатымен, ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау, кәсіби тәжірибені ұйымдастыру бойынша ішкі ережелермен, оқу жетістіктерін бағалау критерийлерімен, қолжетімді байланыс құралдары арқылы оқу пәндерінің силлабустарымен танысады; сабақ кестесіне сәйкес электронды немесе онлайн платформалардағы және өз бетімен оқу мақсатымен оқу материалын алу үшін басқа да байланыс жүйелеріндегі оқу сабақтарына қатысады; тапсырмаларды өз бетімен орындайды, орындалған тапсырмаларды қолжетімді байланыс құралдары (платформа, электронды пошта, мессенджерлер) арқылы оқытушыға бағыттайды; тапсырмаларды орындау кезінде академиялық адалдық қағидаларын сақтайды; тұрғылықты орнында ғаламтордың болмауы немесе жеткіліксіз жылдамдығы кезінде қажетті ғаламтор байланысымен және СЭР қамтамасыз етілетін ЖЖОКБҰ-ның жатақханасына тұруға келе (мүмкіндік болғанда) алады;

5) білім алушылардың ата-аналары (заңды өкілдері): білім алушыларға оқу үшін жағдай жасайды; мүмкіндігінше білім алушылардың оқу пәндерінің тапсырмаларын немесе өз бетімен тапсырмалардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады; ғаламтор болмаған немесе жеткіліксіз жылдамдық кезінде

студентті қажетті ғаламтор байланысымен және СЭР қамтамасыз етілетін ЖЖОКБҰ-ның жатақханасына немесе өзге жерге тұруға бағыттайды.

Ұсыныстар:

68. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың бақылау нәтижелері қашықтықтан білім беру технологиялары ҚР ЖЖОКБҰ-на енгізілуі және қолданылуы мүмкін екендігін көрсетті.

69. ЖЖОКБҰ-да қашықтықтан білім беру технологияларын тиімді енгізу мақсатында ұсынылады:

1) жаңа оқыту әдістемесін енгізу мәселесін қарастыру: Blended Learning, төңкерілген сынып, онлайн-курс, аралас курс (белсенді емес), аралас (интерактивті), төңкерілген сынып, интерактивті онлайн курс;

2) теоретикалық оқу кезеңінде тәжірибенің барлық түрлерін біріктіруге мүмкіндік беретін білім беру бағдарламаларын құрудың модульдік жүйесін кеңінен қолдану;

3) дәріс сабақтарын онлайн режимде немесе видеожазбаларды дайындау арқылы, ал семинарлық және зертханалық сабақтарды - 15 адамға дейін шағын академиялық топтарда өткізу;

4) аралық және қорытынды аттестаттау процедурасын (ҚО үшін), сондай-ақ барлық жазбаша жұмыстардың бірегейлігін антиплагиат жүйесі арқылы тексеруді прокторинг жүйесімен қамтамасыз ету;

5) ЖЖОКБҰ-ның корпустарында, жатақханалары мен аумақтарында СЭР қамтамасыз ету.

70. ЖЖОКБҰ келесі оқу жылында үш сценарий бойынша оқу үдерісін ұйымдастыруға дайын болуы тиіс.

71. ЖЖОКБҰ-на келесі қадамдарды жүзеге асыру ұсынылады:

- Қашықтықтан оқыту форматын қарастыратын академиялық саясатты қайта қарау.

- ПОҚ және білім алушылар үшін қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу.

- Инновациялық білім беру технологияларын қолдану бойынша жеке платформалар мен тренингтерде ПОҚ оқуын ұйымдастыру.

- Курстардың 5 типін әзірлеу: онлайн-курс, аралас курс (белсенді емес), аралас (интерактивті), төңкерілген сынып, интерактивті онлайн курс.

- Қашықтықтан оқыту технологияларын қолданып қолданбалы сипаттағы оқу пәндерін өткізудің тәсілдемелерін жасау.

- Сапаны ішкі қамтамасыз ету саясатына сәйкес оқу сапасының тұрақты мониторингін қамтамасыз ету.

- Аралық және қорытынды аттестаттау (ҚО үшін) процедурасын прокторинг жүйесімен қамтамасыз ету.

- Санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды ескере отырып отырыстарды ұйымдастыру және өткізу регламентін енгізу (видео-конференц байланыс құралдарын қолданып әлеуметтік қашықтандыруды сақтау).

- Барлық оқу сабақтары қашықтықтан оқыту форматында өтеді (40-тармаққа сәйкес кампуста ішінара оқу мүмкіндігі қарастырылған даярлық бағыттары кірмейді).

- СЭР сақтап кампуста белгілі даярлық бағыттары бойынша зертханалық және практикалық сабақтар ұйымдастыру.

- Зерттеу кеңістігі шегінде төмен жұмысбастылық пен екі метрлік физикалық қашықтық талаптарының сақталуын қамтамасыз ететін кестені әзірлеу және кестеге сәйкес бақылау.

- 1 ш.м. 1 адам (1 партада 1 адамнан) – әлеуметтік қашықтандыруды ескере отырып аудиторияның толымдылығын қамтамасыз ету және 1 білім алушыға кемінде 5 ш.м. қамтамасыз етумен зертхана сабақтарын өткізу.

- Университет аудиторияларында және корпустарында, оның ішінде спорт кешенінде және Әскери кафедрада білім алушылардың жиналуын топтарға бөліп азайту. 30 адамнан асатын топтарға жол бермеу немесе аудитория толымдылығы жобалау қуатының 40%-нан аспайтындай академиялық топтарды ұйымдастыру.

- Білім алушыларға тұрғылықты орындарында ғаламтордың болмауы немесе жеткіліксіз жылдамдығы кезінде ЖОО-ның жатақханаларында тұру мүмкіндігін беру.